


Келісім
Нұра ауданының білім бөлімінің
басшысы  А.М. Есмаганбетов



Бекітемін
М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)
директорының м.а.  Р.С. Нариманов



Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің «Мүтәш
Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ
Оқу жұмысының жоспары

Оқу жоспарын құрушылар: М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)
Мектеп директорының м.а.: Р.С.Нариманов
Оқу ісінің орынбасары : З.Б.Сыздыкова
М.Сүлейменов атындағы тірек мектебінің педагогикалық кеңесінің ұсынысымен
Хаттама № 1 2023 жылдың 31 тамызынан
Хатшы : Ж.К.Даутова

Кертінді - 2023

Мүтәш Сүлейменов атындағы тірек мектебінің (РО) 2023-2024 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі және орта білім берудің оқу жоспарына

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылында Мүтәш Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО) білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондайақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

Биылғы 2023-2024 оқу жылындағы өзгеріс оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Мектеп оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 ж. №264 бұйрығы 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша, негізгі орта білім 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығы, жоғары орта білім жаратылыстану-математика бағытында 30.09.2022 ж. №412

бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен 86-қосымшаға сәйкес жүргізіледі. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныпта «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады. Сондай-ақ, 1-2 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

1-4 сыныптарда белсенді -қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар: «Көркем жазу», «Қызықты грамматика», «Робототехника», «Математикалық сауаттылық» жүргізіледі.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы оқуды жалғастырады. Атап айтсақ, 5-8 қазақ сыныптарында 0,5 жүктемеден, 9 қазақ сыныбында 1 сағат. 10-

11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 1 сағат. 10 сыныпта элективті курстар бойынша «Оқу сауаттылығы», «Агрономия» курстары таңдалды, себебі мектеп ресурстық орталық болған соң «Ауыл шаруашылығына қадам» кәсіби бейіндік агросынып облыстық жобасын іске асырады. 11 сыныпта элективті курстар бойынша «Адам және экология» курсы таңдалды, себебі экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.


Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру қызметі мына төмендегі білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 1 қосымша Оқу – ағарту министрінің 09.09.2022 №394 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына;

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 №422 бұйрығымен;



**М.Сүлейменов атындағы тірек мектебі (РО)
Кіска және толықкүндік мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға
арналған оқу жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары		
		Кіші топ (2 жастағы балалар)	Ортанғы топ (3 жастағы балалар)	Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
3	Қазақ тілі	-	Аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	-	Күн сайын	Күн сайын
4	Сенсорика	Күн сайын		
5	Математика негіздері	-	Күн сайын	Күн сайын
6	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
7	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
8	Музыка	Аптасына бір рет	Аптасына бір рет	Аптасына екі рет
	Музыка ***	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйреті, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетін, салттары мен дәстүрлерін таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттауға импровизацияға, музыкамен ырақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Орындаған: З.Б.Сыздыкова

Тел.:50-607

Handwritten signature



**М.Сүлейменов атындағы тірек мектебі (PO)
Мектептегі мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу жоспары 2023-2024 оқу жылы**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Ескерту: 3

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды казак халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ казак халқының

мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Орындаған:З.Б.Сыздыкова
Тел.:50-607